

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 176 – 183

DEVELOPMENT PROSPECTS LEASING ACTIVITY IN KAZAKHSTAN

E. B. Tlessova, B. K. Issayeva

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

E-mail: t.ilvira@mail.ru, b.isayeva_78@mail.ru

Keywords: leasing, investment, economic growth, the lessee, industry, agriculture, business, government.

Abstract. In the post-crisis conditions, when bank loans is difficult, and to attract long-term investment – a serious problem for domestic companies, leasing (financial lease) – is the most effective development of business technology. It gives the possibility of expanding production base, the introduction of advanced technologies in production, increase in fixed assets of the enterprise, the acquisition of modern equipment.

The paper deals with the concept of leasing, the analysis of the main parameters of the market of leasing and perspectives of development of leasing in the Republic of Kazakhstan as an important and effective mechanism for development of investment activity. Of course, the development of leasing as a special form of lease relations in Kazakhstan occurs in low investment activity.

Despite this, there are certain prerequisites for solving this problem. The analysis revealed that the leasing market in Kazakhstan has shown a significant increase, but there is still a lot of prospects for the further development and expansion of areas of activity. The structure of the market by leasing subjects continue to maintain the bulk of the sector, financed by the state leasing company. This primarily agricultural equipment and livestock, engineering and metallurgical equipment and medical equipment.

The article presents a mechanism used by the regional authorities to attract investment through leasing, which will be most effective for the development of the real sector of the economy.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Тлесова Э.Б., Исаева Б.К.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Тірек сөздер: лизинг, инвестиция, экономикалық өсу, лизинг алушылар, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, бизнес, мемлекет.

Аннотация. Дағдарыстан кейінгі жағдайында банктен несие алу қиынға соқтыртады және ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту – отандық компаниялар үшін маңызды проблема болып табылғандықтан, лизинг (қаржылық жалдау) – бизнесті дамытудың барынша тиімді технологияларының бірі болып табылады. Ол кәсіпорынның өндірістік базасын кеңейтуге, өндіріске озық технологияларды енгізуді, кәсіпорынның негізгі капиталын арттыруға, қазіргі заманғы жабдықтарды сатып алуға мүмкіндік береді.

Мақалада инвестициялық қызметті дамытудың маңызды және тиімді механизмі ретіндегі лизингтің түсінігі және Қазақстан Республикасында лизинг нарығының негізгі параметрлері бойынша талдау жүргізіліп, болашақта лизингтің даму перспективалары қарастырылған. Әрине, Қазақстанда жалға алудың ерекше нұсқасы ретінде лизингті игеру төмен инвестициялық белсенділік жағдайында жүзеге асып отырғаны туралы атап кеткен жөн. Алайда, осыған қарамастан, бұл мәселені шешуге арналған нақты алғышарттар бар екені туралы осы мақалада көрсетілген.

Жұмыста Қазақстанның лизинг нарығының негізгі параметрлерін талдау барысында, лизинг нарығының айтарлықтай өсімін көруге болады, алайда бұл қызмет түрін алдағы уақытта кеңейту және дамыту үшін көптеген жұмыстар атқару қажеттілігін көрсетті. Лизинг нысаны бойынша нарық құрылымында негізгі үлесті мемлекеттік лизингтік компаниялармен қаржыландырылатын секторлар сақтап отыр. Бірінші кезекте бұл ауыл шаруашылық техникасы мен малдары, машина жасау және металлургиялық жабдықтар, медициналық техника

Сондай-ақ, мақалада экономиканың нақты секторын дамыту үшін ең тиімді болатын лизинг арқылы инвестицияларды тарту аймақтық билік органдары пайдалануға болатын механизмдерін ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2030» стратегиясында басты басымдықтардың бірі ретінде, ішкі жинақтар мен шетелдік инвестициялардың жоғарғы деңгейімен сипатталатын ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу анықталған [1]. Осыған байланысты, бәсекеге қабілетті өндірістерді жасау, техникамен қайта жарақтандыру, ұлттық экономиканы қайта құру мен жаңғырту арқылы әлемдік деңгейде республика позициясын нығайту маңызды болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу мақсатында республиканың экономикасына инвестицияларды кең масштабты тарту бойынша инвестициялық стратегиялар мен механизмдерді жетілдіру қажет. Қазақстандағы тек сандық жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық жағынан түрлендірілген инвестициялық үрдістегі, инвестициялаудағы тиімді бағыттар мен қаржылық қызмет көрсетуді іздеп табу, ел экономикасының тұрақты дамуының негізгі міндеті болып табылады [2].

Бұл жағдайда инвестициялық қызметті дамытудағы маңызды әрі тиімді механизм, халықаралық экономикада соңғы жылдары маңыздылығы мен танымдылығы айтарлықтай өскен лизинг болып табылады. Қазақстанда жалға алудың ерекше нұсқасы ретінде лизингті игеру, төмен инвестициялық белсенділік жағдайында жүзеге асып отыр [3]. Осыған қарамастан, бұл мәселені шешуге арналған нақты алғышарттар бар. Бұл үшін, банктік несиеге жүгіну қиындықтар туғызған жағдайда, әсіресе, шағын бизнес үшін, негізгі құралдарды жаңартудың дәстүрлі механизмінен, қаржыландырудың басқа да көздерін іздеп табуды белсенді түрде жүргізу қажет [4].

Лизинг алушылардың әлемдік құрылымын талдау нарықтағы бұл субъектілердің арасынан кіші және орта фирмалардың басымды болып отырғанын көрсетеді. Мысалы, Жапонияда лизингтік келісім шарттардың ең көп мөлшері, капиталы 100 млн. иен. болатын фирмалардың үлесіне тиесілі болып отыр [5]. Лизинг әдетте инвестицияларды қаржыландырудағы шағын және орта кәсіпорындар үшін жалғыз балама болып табылады. Операция масштабының басты көрсеткіші, лизингке берілген құралдарға салынған жаңа инвестициялардың көлемімен және оның баланстық құны болып

табылады. Бұл ретте, лизингтік қызметті тарату бойынша көшбасшы ретінде АҚШ, екінші орында Жапония болып табылады. Олардан кейін Германия, Ұлыбритания, Австралия, Франция келе жатыр. Дамушы елдерде соңғы жылдары инвестициялық нарықта лизингтік қызмет айтарлықтай сілкініс жасады. Бұл ең алдымен Үндістанға, Индонезия, Малайзия, Оңтүстік Корея, Қытай елдеріне қатысты [6].

ҚР лизингті дамытудың өзектілігі, лизингтік нарықты қалыптастырумен бірге, ең алдымен, жабдықтау паркінің қолайсыз жағдайына негізделеді: моральді тозған жабдықтардың үлес салмағының едәуір болуы, оларды пайдалану тиімділігінің төмендігі, қосымша бөлшектермен қамтамасыз етілмеуі және т.б. Компанияның негізгі құралдарын инвестициялау аясында, бұл мәселелерді шешудің бір нұсқасы, сыртқы саудалық, несиелік және инвестициялық операциялардың барлық элементтерін біріктіретін лизинг болуы мүмкін [7].

Кәсіпкерлік қызметтің түрі ретінде лизинг Қазақстанда салыстырмалы түрде жақын арада белсенді дами бастағанымен, бірақ оның тамыры ерте уақытта түрлі нұсқада кездесіп отырды. Солай бола тұра, ол тез арада айтарлықтай кең танымдылыққа ие болды. Қазақстандық инвестициялық нарық облысының мамандары жақын арада лизингтік келісім шарттар көлемінің айтарлықтай өсетінін болжап отыр [8]. Оны белсенді түрде енгізумен, лизинг өзіне тиесілі мүмкіндіктер арқылы тек өндірістегі техникалық қайта жаратандыруды ғана емес, сонымен қатар, қазақстандық экономиканың құрылымдық қайта құруының қуатты импульсі бола алады.

Қазіргі таңда, лизинг нарығы қазақстандық өнеркәсіп пен бизнестің дамуындағы ең белгілі және қол жетімді құралдардың бірі болып табылады. 2014 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстандағы лизинг нарығы айтарлықтай өскен, бірақ әлде де осы сала қызметінің одан әрі қарай кеңейіп, дамуы үшін көптеген перспективалар қалып отыр [9].

Лизинг нысаны бойынша нарық құрылымында негізгі үлесті мемлекеттік лизингтік компаниялармен қаржыландырылатын секторлар сақтап отыр. Бірінші кезекте бұл ауыл шаруашылық техникасы мен малдары, машина жасау және металлургиялық жабдықтар, медициналық техника [10].

Негізгі капиталға инвестициялау құрылымында лизингтің үлесі дамыған елдерде 20–30% құрайды, өтпелі экономикалы елдерде шамамен 10-20% құрайды. Қазақстан Республикасында лизингтік қызметтің дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады (1-кесте).

1-кесте – Қазақстан Республикасындағы лизинг нарығының негізгі параметрлері

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	Өзгерісі 2014/2013 жж.	
				млн тенге	%
Ағымдағы лизингтік қоржын көлемі, млн тенге	167 009	187 416	215 699	28 283	115,1
Осу қарқыны, %	117,5	112,2	115,1	–	2,9
Жыл бойындағы жаңа бизнес көлемі, млн тенге	64 540	71 781	84 996	13 215	118,4
Осу қарқыны, %	136,6	111,2	118,4	–	7,2
Жыл бойындағы лизингтік келісім шарттардың саны, бірлік	2326	2624	3372	748	
Осу қарқыны, %	145,9	112,8	128,5	–	15,7
Алынған лизингтік төлемдер көлемі, млн тенге	37 778	34 527	40 757	6230	18
Осу қарқыны, %	0,1	-8,6	18	26,6	-209,3
Қаржыландырылған құралдар, млн тенге	45 554	62 792	88 504	25 712	40,9
Осу қарқыны, %	4,9	37,8	40,9	3,1	8,2
ЖІӨ, млрд тенге	27 572	30 347	34 140	3793	12,5
<i>Ескерту.</i> ҚР ҰЭМ статистика бойынша комитетінің көрсеткіштері бойынша.					

Лизингтік компаниялардың ағымдық қоржынының көлемі 2014 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 15,1% өскен. Жалпы ағымдық қоржын көлемінің көрсеткіші 215,7 млрд тенгені құрады, салыстыру үшін бұл көрсеткіштің мәні өткен жылы 187,4 млрд тенгені құраған. Лизингтік компаниялардағы жаңа бизнес көлемі 2014 жылы 18,4% жоғарылап және 85 млрд тенгеге қол жеткізді. Көрсеткіштің өсуін өнеркәсіп саласындағы ірі келісім шарттар есебінен, бөлек мемлекеттік лизинг

берушілер қамтамасыз етті. Мемлекеттік компаниялар лизингтік қаржыландыру арқылы бизнес және әлеуметтік салаға қолдау көрсету бағдарламасының аясында жұмыс істей отырып, оның құрылымы мен динамикасын анықтап – бұл қазақстандық лизинг үшін, қазірдің өзінде қалыпты жағдайға айналып, нарықта негізгі рөлді ойнауды жалғастыруда [11]. Жеке лизинг берушілер бизнестің айтарлықтай төмен мөлшерін иемденуде, ал соңғы жылдары өсудің тұрақсыз динамикасын жиірек көрсетіп немесе жаңа келісім шарттар көлемінің төмендегенін бейнелейді.

Лизингтік компаниялардың жаңа келісім шарттарының мөлшері 2014 жылы 3300 бірліктен асты. Нарықта белсенді ойыншылардың бір қатары орын алуда және осындай көптеген келісім шарттарды компанияның бизнес көлемінің күші мен клиенттер аудиториясының ерекшелігімен «ҚазАгроФинанс» қамтамасыз етіп отыр [12].

Ағымдық қоржын көрсеткіштер динамикасына сәйкес, «ҚазАгроФинанс» АҚ лизингтік қызмет көрсету нарығында көшбасшы позициясын ұстап тұр, солай бола тұра, ағымдық қоржын үлесі ұдайы өсу серпінінің тенденциясын иемденуде. Осылайша, 2014 жылы «ҚазАгроФинанс» АҚ үлесі 73,6% құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 8,8% өскен (2-кесте).

2-кесте – Ағымдағы қоржын бойынша лизингтік компаниялардың рейтингі

№	Компаниялар	2012 ж.		2013 ж.		2014 ж.		Үлес өзгерісі, %	
		млн тенге	үлесі, %	млн тенге	үлесі, %	млн тенге	үлесі, %	2013/2012 жж.	2014/2013 жж.
1	"ҚазАгроФинанс"	96 150	57,5	121 536	64,8	158 679	73,6	7,3	8,8
2	"БРК-Лизинг"	32 530	19,5	29 891	16,0	27 956	13,0	-3,5	-3
3	"ҚазМедТех"	1632	1,0	3087	1,6	5251	2,4	0,6	0,8
4	«Сбербанк Лизинг Қазақстан»	1158	0,7	3404	1,9	3958	1,8	1,2	-0,1
5	"СК Лизинг"	1623	1,0	1816	1,0	2628	1,2	-	0,2
6	"Лизинг Групп"	2084	1,2	1557	0,8	952	0,4	-0,4	-0,4
7	"Райффайзен Лизинг Қазақстан"	8660	5,2	7159	3,8	5 323	2,5	-1,4	-1,3
8	"Астана-финанс"	23 283	13,9	18 966	10,1	10 951	5,1	-3,8	-5
	Барлығы	167 120	100	187 416	100	215 698	100	-	-

Ескерту. ҚР ҰӘМ статистика бойынша комитетінің көрсеткіштері бойынша.

«ҚазАгроФинанс» АҚ көшбасшылық позициясын нығайтуына бірнеше факторлардың кешенді әсер етуі ықпал тигізді:

- азық-түлік жиынының кеңеюі («Урожай 2014», «Экспресс-лизинг», «Мастер-лизинг» бағдарламаларын енгізу);
- құжаттар жиынының қысқаруына бағытталған бизнес-үрдістердің оңтайлылығы;
- қаржыландырудың тиімді талаптарын ұсыну;
- мемлекет тарапынан қолдау көрсету (лизинг бойынша сыйақылардың пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау);
- ауыл шаруашылығын жеңілдетілген мөлшерлеменен несиелеу;
- қарызгерлерге қаржылық сауықтандыру бойынша іс шаралар жүргізу және басқалар [13].

Лизинг алушылар үшін компания ұсыныстарының тартымдылығын, ауыл шаруашылығына қолдау көрсетудегі мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етіледі.

2014–2020 жылдарға арналған АӨК дамыту бағдарламасы аясында, 2014 жылдан бастап ауыл шаруашылық өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсетудің жаңа бағыты, агрокәсіпорындарды қаржылық сауықтандыру болып табылады [14].

Бұл ауыл шаруашылық техникалары мен арнайы техникаларды лизингтеу үшін, «ҚазАгроФинанс» АҚ жасалған келісім шарттар бойынша сыйақы мөлшерінің бір бөлігін субсидиялау арқылы жүзеге асады. Мемлекет арқылы қаржыландырудың жалпы мөлшерлемесінен 7% қаржыландырылады. Әрбір жыл сайын лизингке беру үшін «ҚазАгроФинанс» АҚ ауыл шаруашылық техникалары мен жабдықтарды сатып алу мөлшерінің жоғарылау тенденциясы байқалады.

Бұл көрсеткіш ауыл шаруашылық техникалары, арнайы техникаларда, қайта өңдеу жабдықтарында сонымен қатар, ірі қара малды лизингтеудегі қаржыландыруда байқалады.

Лизингтік келісім шарттар серпінінің өсуіне сыйақылардың төмен пайыздық мөлшерлемелері, құжаттандыру талаптарының ықшамдылығы, сонымен қатар, лизинг нысанын субсидиялау ықпалын тигізуде.

Одан бөлек, төлем қабілеттіліктері мен міндеттемелерінде қиыншылықтары бар қарызгерлер үшін, қаржылық сауықтандыру бағдарламалар бар [15].

Қазақстанның темір жол көлігі саласында техникалар мен жылжымалы құрамның айтарлықтай тозуы (60% астам) мәселесі бар. Қолда бар вагондардың саны жүк тасымалдаудағы барлық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткіліксіз, сонымен қатар, вагондардың қызмет ету мерзімінің келуі мен техникалық жағдайының істен шығу шапшаңдығы жаңартуға қарағанда озып тұр. Сараптамашылардың бағалауы бойынша, қолда бар жолаушылар вагоны паркінің жұмыс қабілеттілігін ұстап тұру үшін, толықтай тозу себебі бойынша қатардан шығып қалып жатқан вагондардың, жыл сайын шамамен үш мыңдайын ауыстырып отыру қажет.

Kazlogistics Қазақстан көліктері Кеңесінің көрсеткіштері бойынша, Қазақстанның лизингтік компаниялары активінің құрылымында теміржол көлігі үлесінің барлығы 9%, бұл уақыт пен экономиканың даму деңгейінің талаптарына сәйкес емес.

Бұл жерде, темір жол, су және әуе көліктері облысындағы инвестициялық жобаларды лизингтік қаржыландыруды жүзеге асыру, еліміздің көліктік әлеуетін дамытудағы әдістердің бірі болып табылатынын айта кету керек.

Лизингтік нарықтың ірі сегменттерінің бірі жүк автокөлігі болып қалады [16].

Жаңа келісім шарттар құрылымында (ауыл шаруашылығының есебін ескермегенде) бұл салаға он алты пайыздан келіп тұр. Сегмент сонымен қатар ең бәсекелілердің қатарында тұр: жүк автокөлігі саласында жасалған келісім шарттар, мемлекеттің қатысуындағы компаниялардан бөлек, зерттеуге қатысушылардың барлығында болған. Бірақ, осылай бола тұра жасалған келісім шарттар көлемі 6% ғана жоғарылаған. Салыстырмалы түрде автожолдардың жоғары тығыздылығы және теміржол тасымалындағы мәселелер көлік саласының дамуына ықпалын тигізуде.

Қазақстанда әзірге көп айтылғанымен, бірақ қолда бар транзиттік әлеуетті толықтай пайдаланбайды – бұл сегменттің өсуі үшін нақты тосқауыл жасап отыр. Бірақ инфрақұрылым мәселелері және отандық тасымалдаушылардың төмен бәске қабілеттілігі бұл саланың дамуын тежеп отыр. Ал жеңіл автокөлік сегменті 2014 жылы абсолютті көрсеткіштерде 35% жоғарылаған. Бұл сегментте жұмыс істейтін компаниялар, қазақстандық автомобиль нарығының жылдам өсуінің есебінен өз пайдаларын алып отыр. Расында, бұл жерде, автомобиль бағасының өсуіне алып келетін, ұлттық валютаның девальвацияға ұшырағаны жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. Дегенмен, сегмент өте келешекті болып қала береді. 2014 жылы машина жабдықтарын жасау сегментінің үлесі айтарлықтай төмендеді.

Сегменттегі құрылыс және жол-құрылыс техникаларының өсу перспективасын айта кетуге болады. Ехро-2017 өткізу үшін ірі құрылыс объектілерін салудан, Қытайдан Еуропаға салынған көліктік дәліздің жалғасынан, республикалық және жергілікті маңыздылығы бар автожолдарды салуда мемлекеттік қаржыландырудың жалғасы арқылы бұл саланың өсуі күтілуде.

«КазМедТех» компаниясында медициналық техникалар лизингі нарығының жандануы көрініп тұр, бұл бюджеттік инвестициялар мен денсаулық сақтауға мемлекеттік қолдау көрсетумен байланысты.

Осылай бола тұра, сегмент іс жүзінде басқа лизингтік компаниялармен игерілмей тұр. «КазМедТех» болашақтағы үш жылда қайталама лизингті дамытуды жоспарлауда, сонымен қатар, денсаулық сақтаудағы жеке ұйымдар үшін медициналық жабдықтарды сатып алуда қаржылық лизингті шығаруды дайындауда.

Сонымен бірге, экономиканың нақты секторын ынталандыратын елдегі ішінара іскерлік белсенділіктің қалпына келуі мемлекеттік бағдарламалар қатарының жанында, сонымен қатар, көптеген коммерциялық лизингтік компаниялардың жаңа келісім шарт көлемінің өсуін шарттастыратын негізгі фактор – «төмен база әсері» болып табылады. 2014 жыл лизинг нарығының жандануын сипаттайды.

Экономика жандануда, онымен бірге, компаниялардың бизнесті кеңейтуі, қажетті техникалар мен жабдықтарды сатып алу да орынды. Мысалы, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізді салу, жолға арналған арнайы техникаға қызығушылықты өзімен бірге ала келді.

Лизинг бойынша Қазақстандағы жағдай, бұл нарықтың енді пайда болу кезеңінде отырған, Орта Азияның басқа елдерімен салыстырғанда, айтарлықтай жақсы. Коммерциялық лизингтік компаниялардың ауыл шаруашылығына деген қызығушылығының өскенін айта кету керек. Ауыл шаруашылығына салынған 80 млн доллардың шамамен 53% сол компаниялардың үлесіне тиесілі. Коммерциялық лизингтік компаниялар да көлік және құрылыс саласында жұмыс істеуді артық санайды, сәйкесінше барлық лизинг нарығының 18% және 11% осы сала үлесіне тиіп отыр [17].

Уақытша тартымсыз болып отырған құрылыс және ауыл шаруашылық аясында, лизингтік нарықтың фавориті, ертеректе ешқашан қаржылық сектормен араласпаған «көлік және байланыс» саласы болып отыр. Аймақтық бөліктегі нарықтағы ірі үлесті Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары 22,9 және 20,3% үлесімен иемденіп отыр, сәйкесінше бұл жерде негізінен Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніне, сонымен қатар, елдің қаржылық орталығы – Алматыға шоғырланған.

Лизингтік компаниялардың өздерінің мәліметтері бойынша, отандық нарықта ірі аймақтардың бірінде клиентпен жасалған келісім шарт, еліміздің басқа облыстарында лизинг нысаны ретінде жиі қолданылады. Жалпы мұндай «қателікті» 15% бағалап, осы факторды аймақтық бөліктерде жасалған келісім шарттардың серпінін бағалауда ескеру қажет [18].

Қазіргі таңда лизингтің дамуы банктер мен кішкене компанияларда ғана мүмкін екенін айта кету керек. Машиналар, тұрмыстық техника секілді жалпы тұтыныстағы тауарлар лизингі. Бұл тұрғындар үшін өте ыңғайлы және Үкіметке осы механизмді заңнамалық актілерде ойластырған дұрыс болар еді.

Лизинг нарығын сипаттай келе, статистикамен келісе отырып, ауыл шаруашылығы техникаларының лизингі басым болуын айта кетуге болады, мұндай әсер, ауыл шаруашылық өндірушілерін несиелендіретін мемлекеттік корпорациялардың қатысатындығымен қалыптасады.

Жеке лизингтік компанияларға келетін болсақ, олардың клиенттері, мысалы шағын тамақ және өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары үшін көлік немесе жабдықтарды лизингтік схеманың көмегімен сатып алатын шағын және орта бизнес өкілдері болып қалады [19].

Өз кезегінде, лизингтік компаниялар үшін мүмкін болатын түрлі тәуекелдерді минимизациялау маңызды орынды алады. Лизингтік қызметке қатысы бойынша, тәуекелділіктің бұл түрінің өз ерекшеліктері бар, себебі лизингтік келісім шартта меншік иесі мен мүлікті пайдаланушы бөліп қарастырылған.

Лизингтік қызметтің айрықша тәуекелдеріне жобалық тәуекелдерді, сонымен қатар, лизинг нысанымен байланысты қаржылық тәуекелдерді және лизингтік төлемдерді төлемеу тәуекелін жатқызуға болады.

Лизингтік қызметпен байланысты «ҚазАгроФинанс» АҚ, тәуекелдерді төмендетудің ең тиімді тәсілдерінің бірі, лизингтік келісім шарттарды қосымша қамтамасыз ету болып табылады. Лизинг объектісі, лизингтік келісім шарттың негізгі қамтамасыз етушісі болып табылады. 3-кесте «ҚазАгроФинанс» АҚ тәуекелдерді басқару әдістері көрсетілген.

3-кесте – «ҚазАгроФинанс» АҚ тәуекелдерді басқарудың мүмкін болатын әдістері

Тәуекелдер	Табыстау Сақтау					
	бөлу	сақтандыру	қабылдау	резервтеу	хеджерлеу	диверсификация
Лизинг нысанын жоғалту немесе бұзу	+				+	
Лизинг нысанының өтімділігін жоғалтуы		+		+		
Несиелік		+		+		
Валюталық		+			+	
Пайыздық		+			+	
Операциялық		+			+	
Жаңа заңдарды енгізумен байланысты			+			+
Экономикалық қауіпсіздік			+			+
Салықтық			+			+
Саяси			+			+

Ескерту. «ҚазАгроФинанс» АҚ мәліметтері бойынша.

Жалпы, Қазақстан Республикасындағы қазіргі таңдағы лизинг нарығы қаржыландырумен байланысты, салық салу облысындағы, заңнамалық мәселелерді шешу арқылы, барлық мүмкін болатын перспективаларға ие болатындығын айта кету керек.

Мемлекеттік саясатты қалыптастыруда лизинг бұл тек қаржылық құрал ғана емес, сонымен қатар, экономиканың нақты секторын ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған, инвестициялардың тиімді нұсқасы болатынын ескеру қажет. Лизингке қатысты мемлекеттік саясат, өнеркәсіптік кәсіпорындардан бюджетке салықтық түсімдер түсіру мен өндірістік капитал салуды ынталандыру үшін салықтық жеңілдіктер арасындағы тиімді байланысты табуға негізделеді, яғни, бір уақытта фискалдық және несиелік негізге құрылуы керек [20]. Солай бола тұра, ақшалай ағынның қайта оралуын ынталандыру мақсатында, бұл жеңілдіктерді қолданудың ең тиімді бағыттарын таңдау қажет. Салықтық жеңілдіктер механизмін саналы қолдану, лизингтік келісім шарт қатысушыларының мүдделері арасында ымыраға келумен қорытындыланады.

Ең тиімдісі аймақтық деңгейдегі жергілікті билік органдарымен лизингті ынталандыру болып табылады. Сондықтан да жергілікті әкімшілікке аймақтағы өндірістің дамуын ынталандыру үшін, лизингті енгізу бойынша қызметтерді белсендіру қажет.

Бюджеттік қаражаттар есебінен құрылған және қызмет көрсетіп жатқан лизингтік компаниялар іс жүзінде бар. Одан бөлек, лизинг арқылы инвестицияларды тарту үшін, экономикалық және қаржылық жағдай жасап, аймақтық билік органдары келесі механизмдерді қолдануына болады:

- аймақтық бюджет қаражаттары есебінен инвестициялық салықтық несиелерді ұсыну;
- жергілікті бюджет қаражаттары есебінен, банктердің ұзақ мерзімді несиелерін пайдаланғаны үшін пайыздарды төлеу бойынша, лизингтік компаниялардың шығындарын жабу;
- аймақтық бюджет қаражаттары мен банктердің несиелік ресурстары есебінен, лизингтік компаниялардың инвестициялық шығындарын үлестік қаржыландыру;
- аймақтың дамуы үшін бюджетте жоспарланған, сәйкес қорлар активтері есебінен капитал салымға қаржылық кепілдемелер ұсыну;
- шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету Қорымен, шағын бизнес кәсіпорындарына кепілгерліктерін ұсыну.

ӘДЕБИЕТ

- [1] «Қазақстан-2030» Қазақстан Республикасы Президентінің Стратегиясы //www.zakon.kz.
- [2] Айманова Л.Б., Айтекенова Р. К. Основы анализа и оценка бизнеса. – Алматы: АГУ им. Абая, 2014. – 552 с.
- [3] Лизинг на новых формирующихся рынках. Монография. – Алматы: Экономика, 2009. – 520 с.
- [4] Асыллов А.Б. Лизинг в Казахстане // Бизнес и право. – 2013. – № 4. – С. 12-15.
- [5] Лещенко М.И., Бочков В.Е. и др. Международная практика лизинга: Учебное пособие. – М.: МГИУ, 2014. – 341 с.
- [6] Шабашев В.А., Федулова Е.А., Кошкин А.В. Лизинга: основы теории и практики: Учебное пособие. 2-е изд. – М.: КНОРУС, 2015. – 184 с.
- [7] Газман В.Д. Финансовый лизинг: Учебное пособие для вузов. – 2-е изд. – М.: ГУ ВШЭ, 2015. – 392 с.
- [8] Дауренбеков Н.Н. Лизинг в Казахстане: опыт и проблемы // Постстабилизационная модель развития Казахстана: Материалы Международной научной конференции 6–7 июня 2014 года. – В 3-х частях. – Ч. 2. – Алматы: КазГосАгро, 2014. – С. 125.
- [9] Лизинг: экономические, правовые и организационные основы: учеб. пособие для вузов / Под ред. проф. А. М. Тавасиева, проф. Н. М. Коршунова. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2014. – 320 с.
- [10] Чекмарева Е.Н. Лизинговый бизнес. Практическое пособие по организации и проведению лизинговых операций. – М.: Экономика, 2013. – 127 с.
- [11] Кужумов Д.М. Лизинг в Казахстане: опыт, проблемы, перспективы. – Алматы: Экономика, 2013. – 416 с.
- [12] ҚР ҰЭМ статистика бойынша комитетінің ресми сайты //www.stat.gov.kz.
- [13] «КазАгроФинанс» АҚ ресми сайты //http://www.kaf.kz/
- [14] Жунусов А.К. Лизинг в Казахстане // National Business. – 2015. – № 5. – С. 5-31.
- [15] Дугалов Г. Регулирование инвестиционной деятельности в Казахстане // Внешнеэкономическая деятельность в Казахстане. – 2014. – № 3. – С. 6-10.
- [16] Ли В.С. Развитие лизинга в деятельности лизинговых компаний Казахстана // Эксперт РА. – 2015. – № 3. – С. 2-25.
- [17] Лизинг – сложный и многоаспектный продукт современной рыночной экономики // Вестник КазЭУ им. Т. Рыскулова. – 2015. – № 5. – С. 203-208.
- [18] Искалиев Е. Перспективы развития лизингового рынка в Казахстане // Эксперт-Казахстан. – 2014. – № 12. – С. 14-22.
- [19] Лизинговый механизм финансирования индустриально-инновационных проектов в Казахстане // Банки Казахстана. – 2014. – № 8. – С. 25-31.
- [20] Мукушев Б.М. Перспективы развития лизинговых отношений // Бизнес, наука, образование: грани сотрудничества. III Рыскуловские чтения. Материалы международной научно-практической конференции 19–23 мая 2014 года. – Ч. 1. – Алматы: Экономика, 2014. – С. 404.

REFERENCES

- [1] Strategy "Kazakhstan-2030" Address of the President to the people of Kazakhstan in 1997 (in Kaz.).
- [2] Aimanov L.B., Aitekenov R.K. Based on analysis and business reevaluation. Almaty: Abay AGU, p.2014.-552 (in Russ.).
- [3] Leasing in new emerging markets. Monograph. Almaty: Economics, 2009. 520 p. (in Russ.).
- [4] Asylov A.B. Leasing in Kazakhstan // Business and Law. 2013. N 4. P. 12-15 (in Russ.).
- [5] Leshchenko M., Bochkov V.E. and others. The international practice of leasing. Tutorial. M.: MGIU, 2014. 341 p. (in Russ.)
- [6] Shabashev V.A., Fedulova E.A., Koshkin A.V. Leasing: Fundamentals of Theory and Practice. Tutorial. 2nd ed. M.: KNORUS, 2015. 184 p. (in Russ.).
- [7] Gazman V.D. Financial leasing. Textbook for high schools, 2nd ed. M.: HSE, 2015. 392 p. (in Russ.).
- [8] Daurenbekov N.N. Leasing in Kazakhstan: experience and problems, Post stabilization model of development of Kazakhstan: Proceedings of the International Scientific Conference on 6–7 June 2014 in 3 parts. Part 2. Almaty: KazGosAgru, 2014. P. 125 (in Russ.).
- [9] Leasing: economic, legal and organizational bases: Proc. allowance for high schools / Ed. Prof. A. M. Tavasieva, prof. N. M. Korshunova. 3rd ed. Revised. and ext., Moscow: UNITY-DANA, 2014. 320 p. (in Russ.).
- [10] E.N. Chekmareva. Leasing business. A Practical Guide for the organization and holding leasing. M.: Economics, 2013. 127 p. (in Russ.).
- [11] D.M. Kuzhumov. Leasing in Kazakhstan: experience, problems, prospects. Almaty: Economics, 2013. 416 p. (in Russ.).
- [12] Official site of NEM RK Statistics Agency, www.stat.gov.kz
- [13] "KazAgroFinance" JFS Official site, <http://www.kaf.kz>
- [14] AK Zhunusov Leasing in Kazakhstan // National Business. 2015. N 5. P. 5-31 (in Russ.).
- [15] G. Dougalov. Regulation of investment activity in Kazakhstan // Foreign economic activity in Kazakhstan. 2014. N 3. P. 6-10 (in Russ.).
- [16] Lee V.C. The development of leasing activities of leasing companies in Kazakhstan // Expert RA. 2015. N 3. P. 2-25 (in Russ.).
- [17] Leasing – a complex and multi-faceted product of modern market economy. Herald T. Ryskulov KazEU, 2015. N 5. P. 203-208 (in Russ.).
- [18] Iskaliyev E. Prospects of development of the leasing market in Kazakhstan. // Expert-Kazakhstan. 2014. N 12. P. 14-22 (in Russ.).
- [19] Lease financing mechanism of industrial and innovative projects in Kazakhstan // Banks of Kazakhstan. 2014. N 8. P. 25-31 (in Russ.).
- [20] Mukushev B.M. Prospects for the development of leasing relations., Business, science, education: aspects of cooperation. III Ryskulov readings. Proceedings of the international scientific-practical conference on May 19-23, 2014. Part 1. Almaty: Economics, 2014. P. 404 (in Russ.).

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ЛИЗИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Э. Б. Тлесова, Б. К. Исаева

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ключевые слова: лизинг, инвестиции, экономический рост, лизингополучатель, промышленность, сельское хозяйство, бизнес, государство.

Аннотация. В посткризисных условиях, когда получение банковских кредитов весьма сложно, а привлечение долгосрочных инвестиций – серьезная проблема для отечественных предприятий, лизинг (финансовая аренда) – наиболее эффективная технология развития бизнеса. Он дает возможность расширения производственной базы предприятия, внедрения передовых технологий в производство, увеличения основных фондов предприятия, приобретения новейшего оборудования.

В работе рассматривается понятие лизинга, проведен анализ основных параметров рынка лизинга и перспективы развития лизинга в Республике Казахстан как важного и эффективного механизма развития инвестиционной деятельности. Конечно же, освоение лизинга как особой формы арендных отношений в Казахстане происходит в условиях низкой инвестиционной активности. Несмотря на это, существуют определённые предпосылки для решения этой проблемы.

В результате анализа выявлен, что рынок лизинга в Казахстане показал значительный рост, однако остается еще много перспектив для дальнейшего развития и расширения сфер деятельности. В структуре рынка по предметам лизинга основную долю продолжают сохранять сектора, финансируемые государственными лизинговыми компаниями. В первую очередь это сельскохозяйственная техника и скот, машиностроительное и металлургическое оборудование и медицинская техника.

В статье представлен механизм, применяемые региональными органами власти для привлечения инвестиций посредством лизинга, которое будет наиболее эффективным для развития реального сектора экономики.

Поступила 17.03.2016 г.